



## «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ САПА ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТЫ

"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ сапа саласындағы ең үздік әлемдік салалық көрсеткіштерге сәйкес келуге ұмтыла отырып және үздіксіз жетілдіру шеңберінде дамудың әзірленген бағытына қол жеткізуге өз бейілділігін растай отырып, тұтынушылар мен басқа да мүдделі тараптардың талаптары мен үміттерін қанағаттандыратын өнім өндіру басымдығын ұстанады.

Сапа саласындағы негізгі басымдықты ұстана отырып, "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Басқармасы мынадай міндеттемелерді өзіне алады:

- Қоғамның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;
- Қоғамның өндірістік бағдарламаларының мақсаттарына қол жеткізу және іске асыру барысында тәуекелдер мен мүмкіндіктерге байланысты іс-қимылдарды жоспарлау және енгізу;
- барлық мүдделі тараптар - акционерлер, серіктестер, жеткізушілер, өз қызметкерлері, қадағалаушы және бақылаушы ұйымдардың өкілдері арасындағы сенім және серіктестік негізінде құрылған өзара тиімді ынтымақтастық;
- тұрақты оқыту және қызметкерлердің кәсібилігі мен құзыреттілігін арттыру;
- Қоғам алдында тұрған мақсаттарға қол жеткізу үшін барлық қызметкерлерді бірлескен қызмет процесіне тарту;
- қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды енгізу және дамыту, өндірістің жаңа технологияларын игеру және қолданыстағы технологияларды жетілдіру;
- өндірістік процестердің нәтижелілігі мен тиімділігін бағалау және Сапа менеджменті жүйесінің нәтижелілігін жүйелі талдау;
- осы Саясатты ұстану және оны Қоғамның барлық қызметкерлерінің түсінуі мен қолдануын қамтамасыз ету;
- Сапа менеджменті жүйесінің жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасау, осы мақсаттар үшін тиісті қаржылық, техникалық, адами және өзге де ресурстармен қамтамасыз ету;
- Сапа менеджменті жүйесінің мемлекетаралық және ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету және тұрақты жақсарту.

"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Басқармасы бұл Саясат "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ-ның сапа саласындағы құндылықтары мен қағидаттарының көрінісі болып табылатынын мәлімдейді.

**Бас директор**

Вэнь Цзяцзюнь

**Бас директордың  
бірінші орынбасары**

Сейтмағанбетов Б.С.